

БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

Дарынды балалармен жұмыс жасаудың тиімді жолдарын жетілдіру арқылы дарындылықты дамыту

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.09.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/106614/>

Дарынды балалармен жұмыс жасаудың тиімді жолдарын жетілдіру арқылы дарындылықты дамыту

Енсегенова Айзада Канатқызы

«Бейнеу лицейі» КММ-нің математика пәні мұғалімі

Педагог-зерттеуші

Дарынды да, қабілетті оқушыларды ғылымға баулу, ғылым арқылы жас ұрпақты дарындылыққа баулу әр ұстаздың міндеті. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Дарынды балалар-еліміздің болашағы. Сондықтан да дарынды балалардың тәрбиесіне ерекше мән беріп, олардың дарындылығын дамытуға, қабілетін шыңдауға әрдайым қолдау көрсетуге тиіспіз.

Дамудың жаңа сатысына бағыт алған мектептің ең негізгі өзегі-оқушылардың зерттеушілік ізденісі мен өзіндік дамуын жетілдіру болып табылады. Математикалық бағытта білім алып отырған әрбір жас жеткіншек математиканы әр қырынан зерттей отырып, өз бетінше білім жинақтап, оны тәжірибе жүзінде өмірде қолдана білуі тиіс.

Дарынды балалардың есте сақтау қабілеті, зейіні күшті болып келеді. Жүйелі берілетін білімнің теориялық жақтары едеуір тереңдетілген және кеңейтілген түрде берілуі тиіс. Оқыту үрдісінде білім берумен қатар ерекшеліктеріне қарай шығармашылыққа баулу мен ғылыми ізденіске бағыттау керек.

Дарынды балаларға арналған талаптар сипаттамасы:

- оқушылар таңдаған тақырыпты тереңдете оқыту мүмкіндіктерінің болуы;

оқыту барысында өзіндік жауапкершілікті, яғни бала өзін-өзі басқара отырып өз бетімен оқуын қамтамасыз ету;

- зерттеу жұмыстарын жүргізу тәсілдерін дамыту;
- жаңа ой таба білуге ынталандыру;
- әр түрлі критерийлер көмегімен жұмыс нәтижелерін біліп, өз жұмысын бағалай білуге ынталандыру;
- нәтижесін біліп, дұрыс шешімге келу, қорытынды жасау;

Ерекше балалармен жоғары дәрежеде ғылыми түрде нақты жұмыстар жүргізу мектеп мұғалімдері үшін оңай шаруа емес. Оқушы дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбіне мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені мәлім. Оқыту мен тәрбие жұмысында оқушы шығармашылығын дамыту қажеттілігі қоғам талабынан туындайды. Білім саласына қойылатын талап күшейген сайын білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер болуда. Білім бере отырып, оқушы бойында танымдық қабілетін дамыту бүгінгі таңда ұстаз үшін үлкен жауапкершілікті іс болып табылады.

Ян Амос Коменский «Оқушыға өзінің тәсілдерін үйретуден бұрын, алдымен оның бойында білім алуға деген талпынысты оятып алуы қажет»-десе, Ж.Аймауытов «Адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқыту мен тәрбие»-деген. Бұдан түсінетініміз адам таланты қаншалықты ғаламат болса да, ол оқытудан тысқары өздігінен дами алмайды.

Дарындылықты анықтаудың ұстанымдары:

1. Түрлі ақпарат алу көздерін пайдаланып бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін мінез-құлқы мен іс-әрекетін жан-жақты бағалау;
2. Баланы танып-білу жіне зерттеу (баланың түрлі жағдайдағы іс-әрекетін кең көлемінде бақылау)
3. Баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу;
4. Жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелесу, мұғалімдер мен ата-аналардың сараптамалық бағалары, баланың эксперимент жағдайындағы нақты іс-әректін бағалауымен байланысты психодиагностиканы эксперименттік маңызды

әдістеріне сүйену;

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Дарынды балаларды тани білу, олармен жүргізілетін жұмыс түрін жүйелі, орынды ұйымдастыру әр ұстаздың бала жанын дұрыс түсініп, үлкен педагогикалық шеберлік көрсеткенінде ғана нәтиже бермек. Осы орайда бақылау жүргізіп отырған оқушының белсенділігіне, тапқырлығына, түсіндірілген материалды тез қабылдай алуына, берілген тапсырманы мұқият орындауы мен жауыпкершілігіне, жанындағы жолдастарымен тез тіл табыса білуіне, сөйлеу шеберлігіне тағы да басқа ерекшеліктеріне баса назар аударылған жөн.

Бүгінгі таңда өзекті, әрі оқушының қызығушылығын тудыратын тақырып таңдауың керек. Ол тақырып жаңалыққа негізделген, баланың қызығушылығын дамытатын

болуы шарт.

Бейнеу лицейіне алғаш бастаған ұстаздық жолымда 2013 жылы ең бірінші осы ғылыми жобаларға оқушылар дайындай бастадым. Алғаш рет 11-сынып оқушылары

Қызылғұлов Айберген мен Алхабаев Илияс республикалық ғылыми жобалар сайысынан жүлделі III орын қола медаль иеленген болатын. Бұл маған үлкен мотивация болды. Одан әрі осы бағытымды жалғастырып жұмыстана бердім. Үздіксіз ізденістерім мен талпынысымның нәтижелерін көрдім.

Оқушылардың облыстық деңгейдегі жетістіктері:

- 2012 ж Алхабаев Илияс, Қызылғұлов Айберген жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар байқауы II орын
- 2014 ж Айтжанов Раббил жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар байқауы ынталандыру
- 2017 ж Идрисов Ерназар жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар байқауы II орын
- 2019 ж Жанболатқызы Гүлбану жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар байқауы III орын
- 2020 ж Оразалиева Инжу Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған ғылыми жобалар байқауында II орын

Оқушылардың республикалық деңгейдегі жетістіктері:

- 2013 ж Алхабаев Илияс, Қызылғұлов Айберген жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар байқауы III орын
- 2020 ж Жанболатқызы Гүлбану жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар байқауы III орын

- 2021 ж Оразалиева Инжу Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған ғылыми жобалар байқауында I орын

Оқушылардың халықаралық деңгейдегі жетістіктері:

- 2015 ж Айтжанов Раббил Халықаралық Экология және Инженерия академиясының ұйымдастыруымен өткен ғылыми жобалар сайысында I орын;
- 2018 ж Идрисов Ерназар Ө.Жолдасбеков атындағы математика және механикадан зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсында III орын, қола медаль;
- 2021 ж Оразалиева Инжу Ө.Жолдасбеков атындағы математика және механикадан зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсында III орын, қола медаль

Сонымен қатар сайыстардың ең ұлысы пәндік олимпиадаға оқушылар дайындап келемін. Оларда өз нәтижесін беріп келеді

- 2015 ж Ідіріс Рзагүл облыстық сырттай оқу резервтік олимпиададан III орын;
- 2020 ж Жиенбаева Аяулым облыстық 5-7 сыныптар арасында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиададан III орын;
- 2020 ж Амантай Аиза облыстық 5-7 сыныптар арасында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиададан III орын;
- 2020 ж Кемалова Әсел Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңінде II орын;

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.